

**Бурабай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 7С-17/4 "2022-2024 жылдарға арналған Бурабай ауданы Веденов ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 7С-21/3 шешімі

Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бурабай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 7С-17/4 "2022-2024 жылдарға арналған Бурабай ауданы Веденов ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Бурабай ауданы Веденов ауылдық округінің бюджеті 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 54699,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 8653,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 46046,0 мың теңге;

2) шығындар – 55227,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -528,8 мың теңге;

6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 528,8 мың теңге.";

келесі мазмұндағы 3-1 тармағымен толықтырылсын:

"3-1. Бурабай ауданының Веденов ауылдық округінің азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын."

2. Бурабай аудандық мәслихатының көрсетілген шешімінің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

3. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

М.Нұрпанова

Бурабай аудандық  
мәслихатының  
2022 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 7С-21/3 шешіміне  
қосымша  
Бурабай аудандық  
мәслихатының  
2021 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 7С-17/4 шешіміне  
1-қосымша

### 2022 жылға арналған Веденов ауылдық округінің

Санаты		Сыныбы		Сома мың теңге
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	54699,0
1			Салықтық түсімдер	8653,0
	01		Табыс салығы	43,0
		2	Жеке табыс салығы	43,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3148,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	306,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2842,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5462,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5462,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	0,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттердің түсімдері	46046,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	46046,0
		3	Аудандық (аудандық маңызы бар қала) бюджеттен түсетін трансферттер	46046,0

Функционалдық топ				Сома, мың теңге
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі			Атауы	
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	55227,8
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	27730,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	27730,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27730,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2448,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2448,4
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2343,4

		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	105,0
12			Көлік және коммуникация	1050,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1050,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1050,0
14			Басқалар	23998,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23998,0
		057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымы бойынша іс-шараларды жүзеге	23998,0
15			Трансферт	1,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,4
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,4
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0

		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша Сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -528,8
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 528,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК